

ӘНГІМЕ ЖАНРЫН ОҚЫТУ

А.К. Оңдыбаева, №64 мектеп-лицей
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Бүгінгі таңда білім саласындағы мақсат – өз мәдениетімізді, ұлттық құндылықтарымызды жаңғырта отырып, әлемдік білім кеңістігіне ену. Сол ұлттық байлықты бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдарымен байланыстыра отырып, әр оқушының қабілетін, талантын ашу, өз-өзіне сенімін нығайту-ұстаздың басты ұстанымы. Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы педагогика ғылымдары академиясының академигі Бітібаева Қанипа Омарғалиқызы – әдебиетті оқытудың өрісі кең, бүгінгі жаңартылған білім мазмұнының өзегі болатын білім жүйесін қалыптастырған дара тұлғалы ұстаз. «Тілді өнер, әдебиетті – ұлттық қазына» деп білген ұстаз, әр баланың сабақ оқығанда ойланып, тұшынып, әр ұққан сабағын өн бойынан өткізетін, өмірде өз тәжірибесін қолдана алатын, ойын еркін айтатын функционалды тұлға дайындауы маңызды екенін көреміз. Сондықтан да Қанипа Омарғалиқызының білім берудегі әдіс-тәсілдерін, соның ішінде әңгіме жанрын оқыту жолдарын сабақ барысында қолданудамын.

Ұстаз әңгіменің мазмұнынан гөрі ондағы проблеманы, идеяны, яғни жазушы мұратын анықтауды маңызды санаған. 6-сыныпта Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесінде әдеби шығарманы көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру мақсатында төмендегі көрнекі кестені негізге аламын.

6.1.2.1 әдеби шығарма да көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру.

Әңгіменің тақырыбы	Әңгіменің идеясы	Әңгімедегі көтерілген мәселе
Жетім баланың ауыр тағдыры, орындалмас арманы, мақсаты, мұраты	Автордың шығармадағы шындығы мен өмірдегі шынайы жағдай көрінеді. Соңғы түйін-өткенге өкіну, өткеннен сабақ алу	Жетімдіктің ауыр азабы
	Өкініш-өзгенің арманын ұрлағандай сезіну	Өзін бағаламау, күреспеу
	Адамның өзіне берген бағасы-өзінің тағдыры	Арманы жолында тәуекелге бел бумау

Әңгімені оқытуда эпизодтарды реттеп алып, оны сұрақтармен бекітіп отыру маңызды рөл атқарады. **6.2.1.1 шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау**

Проблемалық сұрақтар	Эпизод	Оқушы пікірі
1. Соғыстан кейінгі елдің жағдайы қалай болды?		
2. Тортайдың арманы не еді?		
3. Ораш не себептен Тортайға барып амандаса алмады?		
4. Не үшін Тортай Орашқа келді?		

5. Тортайдың «Әкем де, шешем де, сол-кітап» деуінің себебі неде?
6. Автор соңында қандай шындықты айтады?
7. Тортайдың арманына жетпеуіне не себеп?

Әдебиетте кейіпкер мінезін ашудың мынадай тәсілдері аталады: тура мінездеу, жанама мінездеу, диалог, монолог, портрет, пейзаж, т.б. Бұл аталған тәсілдер кейіпкер мінезін беруде жеке дара қолданылмайды, өзара бірлікте жұмсалады. Мінездеу, жанама мінездеу, адамға тән күйініш, сүйініш сезімдерін суреттеу, адамның өз сөзін (монолог) немесе өзгемен сөйлесуін (диалог) келтіру – осылардың бәрі жеке-жеке тұрған нәрселер емес. Керісінше бірін-бірі толықтырып тұрған дүниелер. Мұндай бірліксіз адам мінезін де, тұлғасын да жасау мүмкін емес.

6.1.3.1 әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау мақсаты бойынша

Кейіпкер кестесі

Кімдерге тиеселі. Кейіпкер бейнелерін сөздері арқылы дәлелде	Кетерімде ол маған ең сүйікті кітабын сыйлап тұрып айтты: «Мен үшін де оқы. Бәлкім, мен міне алмаған ақ боз атқа сен мінерсің». - Сенің өз ақ боз атың бар емес пе? - Жоқ, менің маңдайыма көк өгіз жазылған. - Онда мен өз ақ боз атымды саған сыйға тартамын.
Монолог жазыңыз	
Ораш атынан...	Тортай атынан...

Ой салу — ұстаз тарапынан,
Ойлану — шәкірт тарапынан,
Ойланту — ұстаз тарапынан,
Бір шешімге келу - оқушы тарапынан,

деген ұстаздың қарапайым да, өміршең сөзі бүгінгі білімге дем берері анық.

Бүгінде білім сапасын жақсартуда қазақ тілі мен әдебиетінің шығармашылық тобы құрылған (Жетекшісі – С.Аблахатқызы). Осы топта әңгіме жазудың қыр-сырын үйреніп, сабақта қолдандық.

Оқу бағдарламасына негізделген (7.2.3.1. оқу мақсаты хроника, хабар, очерк, әңгіме құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату) оқу мақсаты бойынша «Қайырымдылық» тақырыбында 7 «Ғ» сыныбында сабақ өткіздім. Оқушыларды топқа бөлгеннен соң, «Қайырымдылық» сөзіне топтастыру жасалды. Мәтіналды тапсырмаға «Қайырымдылық дегенді қалай түсінесіңдер? Қандай қайырымдылық іс жасап көрдіңіздер? деген сұрақтар төңірегінде ойталқылар жасалды. Тақырыпқа өтпес бұрын тақтаға әңгіме жанрының ерекшелігі мен мақаланың ерекшелігі екі бөлініп, бір әңгіме мен бір мақала үлгісі беріліп талқыланды. «Қайырымдылық» тақырыбында мәтін топқа беріліп, топқа талқылау сұрақтары ұсынылды. Мәтіннің тақырыбы, автордың идеясы, кейіпкердің орнында болсаң не істер едің, хабарландыруды кім жазуы мүмкін деген сұрақтар топқа ұсынылып, сол бойынша тақырып ашылды. Әртүрлі ойлар

айтылып, тақырып оқушыны жаңа жақсылық жасауға шабыттандырды, адамдардың мейірімділігі үлгі болды. Әңгіменің құрлымын қай деңгейде игерді деген сұраққа жауап алу үшін төмендегідей кесте берілді.

Белгілері	Әңгіме	Мақала
Мәселе көтеру		+
Авторлық идеяның болуы	+	
Бірінші жақтан баяндалу	+	
Үшінші жақтан баяндалу		+
Мәселенің шешімін оқырманға қалдыру		+
Кейіпкерлердің болуы	+	
Оқиғаның болуы	+	

Осы кесте бойынша оқушылар «Мәселенің шешімін оқырманға қалдыру» бойынша әңгіме жанрына тән деп көпшілігі белгілеген. Сондықтан келесі сабақта әңгіме мен мақаланың қорытынды бөлімін, яғни шешімін әлі де жіті талдауым керек деп белгілеп қойдым. Келесі тапсырма әдебиет сабағына пәнаралық байланыспен сюжеттік-композициялық талдау жасалды. Компоненттерді сәйкестендіру кестесі ұсынылды.

А – оқиғаның дамуы

В – оқиғаның басталуы

С – оқиғаның шешімі

Д – оқиғаның шарықтау шегі

Е – оқиғаның шиелінісуі


1. Таңғы серуен

2. Әженің дүкенге кіруі


3. Дүкеннен тез шығуы

4. Хабарландырудың ілінуі

5. Көмек – шешім



Осы тапсырма бойынша барлық балалар дұрыс жауап берді. **Қабілеті жоғары оқушыға** «Әңгіменің қай бөлігі ерекше, несімен ерекше, дәлелде», **қолдауды қажет ететін оқушыға** «Әңгімедегі сен үшін тосын жағдай?» тапсырмалары ашық микрофон тәсілінде өткізіліп, әңгіме бөлігін іріктеп, түйінді ой айтуға септігін тигізді. Қабілетті оқушыларға хабарландырудың ілінуі мен көмек қолын созған адамдардың адамгершілігі ұнаса, тосын жағдай берілген оқушыға да осы жағдайлар таңқалдырған екен. Осы әдіс сабақты қорытындылауға да жалғасын тауып, оқушылардың сабақта алған білімдерін қайталауға және толықтыруға мүмкіндік берді. Оқушының оқу мақсаттарына жеткенін білу үшін бағалау өте маңызды аспект болып табылады.



Әңгіме құрастыруда тапсырма маңыздылығы жоғары рөл атқарады. Жаңа ойға жетелеуші, ой тастар сөздер топтамасы оқушыларға ұсынылды.

1. Көл жағасында құмда ойнап отыр едің, толқынмен бірге жағаға құмыра шығып қалды. Ішіндегі қағазға былай деп жазылыпты...
2. Көшеде бір таяққа, бірі қасындағыға сүйенген екі адам келді. Сен оларға бір тапсырманы орындау үшін керексің...

Поэзияның қараша
II-нұсқа

Әлемде бірі таныма, бірі қараңғала сүйенген екі адам келді. Сен оларға бір тапсырманы орындау үшін керек екенсің. Олар сенің алаңға келіп, саған иен-жасын түсіндірді: -Бейнетке бе, сенің атаң Асқар ма? -деп сұрады. Асқар Бағаға заманшардан келген екен. Асқардың бейнеткері өздерінің қалауына барлық түрлерге ауыса алады. Міне заманшардың адамдардан қорқатпау үшін, асқар адам бейнесіне ауыспта. Асқардың заманшары - Машинус деп аталады, және олар сол заманшарға Асқардың бір көмегімен аса қажет болып тұр екен. Ағ Заманшардың түсіндіруіне Асқардың артық ата-баба - Машинус заманшардың және болып екен. Ол кісі қайтос болар кезде зәт азырақ, оны Машинус заманшардың тұтынама қалайды. Ол зәтте 20 жас өткен соң зана оқуға бөлінеді. 20 жас өткен соң ол зәтте оқуға көрсетілген бейне жазылыпты. Бір де мен қайтос болғаннан кейін менің қайтос шыбаран Машинус заманшарына барып, мен бітіріл-мисерімен бір шаруаны бітірілдік. Машинус заманшары - жасөспірімдері депті. Мына білген Асқар өз зәтте, өзінен екі адаммен Машинус атталады. Олар ол зәтте жетті.

Бала қиялы, шынайы өмірден алшақтамау, оқитын кітаптарының әсері, хат мазмұнының ертегілерде келетін нұсқасы. Шешім: Әлі де даралық жетіспейді, көп кездесетін жағдаяттар

Поэзияның қараша

I нұсқа

Көп жазғанға құмдағына ертүрерің, төлеуімен бірге тазаға жазғанға жазып қалды. Ішіндегі қағазға жазып қалды. Парри, еңде ең қыздыр оған өткізіп, менің бұл өңірде өзінің қолымен жазып, бірақ менің жұмысым өзі біл-ген жазы. Эдисонның апартамақтарында елестер жүреді. Бір патерде, біріне өзінің көп елестер ұлғайы. Шек-Бейнетке патерінде, және Мисс Розенбергтің патерінде елестер жоқ. Сол елестерді, Саллидің ойынындағы артықпа-тық қалауға болады. Мен Саллидің ең қолымен, менің жұмы-сымада өзгеше дейін өзіңмен деп сұраймын. Джим Джонсон деп.

Салли: Парри! Шұқрамын, мен маңадан бірің қолыңмен ең сенде болып. Мисс Тейлордың ұялғауы, өздерің барып. - Салли, сен өзің бәра беріп, өзімен жазылап ұялғауға қал-дырап алайың.

Мен: Бұлай болмайды, менің жұмысыма қарап біріңді.

Парри мен Салли біріңді болып Асқардың патерінде барды. Олар ойынымен бір екі сәтте жүріп, шағартаған Мисс Розенбергтің өзі дегенін, және елестің табады. - Ой болалар! Мәзір қолыңмендер, өзіңмен деп маңа өзіңмен деп.

Парри қорқыныштан өзімен таңыр, ал Салли қолымен кетеді. Джим Джонсон жұмысыма аяғына дейін бітпейді.

- Парри!
- Ая?
- Мына сенің өзің бізде жұмысыма аяқтауға ұялғау-жәттеп.
- Мәзірмен Салли, мен өзімен хатпен жұмыс елестің, мәзірмен Эдисон апартамақтарына түсіндірілді!
Парри мен Салли, Эдисон апартамақтарына түсіндірілді: Салли өз патеріне жетті. Мәзір жазып біріңмен өзіңмен алап. Парри менің жұмысыма қарап, ұялғауға батылдық кетеді.
Сәтте 00:15, Парридің қолымен, ұялғауға кетеді. Ал Салли болса, көп жазып қалды.

Диалогты қолдануы, әңгіме емес үлкен шығарманың үзіндісі, әңгіменің жазушыға қатыстылығы білінбейді Шешім: Әңгіменің жазушыға қатыстылығы туралы жұмыстар жасау, оқиганы жүйелі ойлау

Әр балада әртүрлі кемшіліктер болды, кері байланыс жасалды. Кемшіліктер: бірыңғай диалог, бірыңғай ауызша әңгімелеу, теледидарда, не кітаптағы қайталанатын қиял дүниелер тб. Зерттеу алаңында осы ойлар ортаға тасталды. Келесі аптада «Жазбай қалған қалам» әдісі қолданған уақытта, балалар ашыла түсті. Бұнда оқушылар жазбай қалған қаламның кейпіне енгенде қиялға қалай ерік беру керек екенін түсінгендей. Біреуі бишара күйге өзі енсе, біреуі қаламды осы күйге түсіріп, не бұл жағдайды көңілді жағдаятқа аударып, адамның қиялының шексіз екенін түсіндік.

Қадам қадаммен жүргізілетін жұмыстың тиімділігі, сол күні мақсатқа жетпесең қорқыныш сезімін басып, келесі күні қайта серпіліп, сол мақсатқа жету үшін құмырсқадай бейнетқор болу керектігін түсіндім.

«Әдіс-мақсатқа қол жеткізетін жол, тәсіл, белгі жолымен тәртіпке салынған әрекет» деген қазақ ұстазының қарапайым да, әр сабақта қолданатын сөзімен көрсетілімімді аяқтағым келеді. Бүгінгі білімнің мақсаты өткен білімдегі Қанипа

ұстаздың ұлағатты еңбегі мен тәжірибесінде екенін ғылыми қолжазбалары дәлелдеп отыр.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. 2002. Өскемен қ.
2. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі. 1997. Алматы қ.

ЗЕРТХАНА ЖҰМЫСЫ

А.Б.Шотпаева, №64 мектеп-лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Бітібаева Қанипа Омарғалиқызы – КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген мұғалім, білім беру ісінің қайраткері. Елордамыз Астана қаласындағы №64 мектеп-лицейінде Қ. О. Бітібаева атындағы ғылыми-практикалық зертхана 2011 жылдан бастап жұмыс істейді. Зертхананың ашылу салтанатына Хан апамыздың өзі қатысып, қызыл лентаны қию құрметі де өзіне бұйырған еді.

Зертханада жылдық жоспарға сәйкес әртүрлі мәдени-тәрбиелік, танымдық іс-шаралар жүзеге асырылады:

- Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясына негізделген сабақ үлгілерімен, оқу құралдарымен таныстыру мақсатында пән мұғалімдеріне, жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетіледі. Сонымен бірге Өскемен қаласындағы Бітібаева зертханасының «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы негізінде Республика көлемінде жүргізілген онлайн сабақтарға желіде қосылу арқылы қатысып, іс-тәжірибемізбен алмасамыз.
- **Қ.Бітібаева атындағы пәндік олимпиадаға оқушы дайындау, қатысу /аудандық, облыстық, республикалық/**
Әбділман Сабина, 10-сынып оқушысы, 2012ж,
1-орын; Ермұхан Есенгүл, 11-сынып оқушысы,
3-орын, жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Табыспаева Ж.А.
Есімхан Жанар, 10-сынып оқушысы, 2-орын, 2017ж, жетекшісі Озат Ақниет; Асқар Аягөз, 11-сынып оқушысы, 2018ж, грамота, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Шотпаева А.Б.
Тутай Аяулым, 11-сынып оқушысы, 3-орын, 2022ж, жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Оңдыбаева А.К.
- **Қазақ тілі мен әдебиеті апталығының бір күнін «Қанипа күні» деп атап, арнайы іс-шаралар жүргізледі.** Атап айтсам, /Қ.Бітібаеваның өмірі, еңбек жолы, іс-тәжірибесі туралы жобалар қорғау/. «Алтын адам» Қ.Омарғалиқызы туралы естелік, нақыл сөздер сайысын өткізу. Қ.О.Бітібаеваға арналған оқушылардың жазба жұмыстарының сайысын ұйымдастыру /шығарма, эссе, өлең/ т.б жұмыстар атқарылуда.

- 2021жылдың 26 ақпанында «Білім беруді жаңғырту орталығының» әдістемелік кабинеті мен №64 мектеп-лицейіндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «**Қ.О.Бітібаева мұрасы – қазақ әдебиетін оқытудың шамшырағы**» тақырыбында қалалық онлайн вебинар өтті. Семинарға Білім беруді жаңғырту орталығының әдіскері Ж. С. Маманова модераторлық етті.

Семинардың мақсаты – Қ.О. Бітібаеваның қазақ әдебиетін жүрегімен сезінуге, оны оқыту мәселелерін жан-жақты талдауға арналған еңбектері мен жаңашыл көзқарастарын ұстаздар қауымына кеңінен насихаттау. Кең ауқымда өткен семинар барысында пән мұғалімдері өз іс-тәжірибелерімен бөлісті.

- **Республикалық конференция нәтижелері**

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері: Шотпаева А.Б., Іс-тәжірибемен бөліскені үшін грамота, секция жұмысының нәтижесі бойынша жүлделі 3-орын, 2019ж

Кариева А.М., Ибраимова Т.Б Секция жұмысының нәтижесі бойынша Алғыс хатпен марапатталды, 2022ж.

«Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деп дана халқымыз айтқандай, ардақты ұстаздың есімі жақсылардың тізімінде мәңгі жазылары анық. Ең бастысы – оның өнегесі мен жолын жалғастырар шәкірттері, әріптестері, есімін мәңгі ардақтар жанашыр бауырлары бар. Қазіргі күнде ұстаз жолын қуып, ұстаз еңбегін жалғастырып, ізденушілік-зерттеушілікпен айналысып жүрген шәкірттері өз алдына бір төбе. Ал Бітібаеваның ұстаздық қызметін қалалық, республикалық сайыстар, олимпиадалар, ғылыми-практикалық конференциялар арқылы дәріптеп жүрген қаншама шәкірттері, әріптестері бар.

Қорытындылай келе, ұтымды әдіс-тәсілдерін басшылыққа ала отырып, сабақ үрдісінде қолдана білген Қ.О.Бітібаеваның технологиясы ұстаздарға таптырмас тәсіл. Сабақты жан-жақты ойластырып, уысында ұстай білген адамның ұтары көп.

